

БАНКРОТТЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҒЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Бірде-бір компания, тіпті өсу кезеңінде де, өз болашағына сенімді бола алмайды. Осыған байланысты ұйымның банкроттық қаупін болжау және бағалау мәселесі бүгінгі күнде өте өзекті. Бүгінгі таңдағы оның басты міндеті - экономиканың қазіргі шарттарына сәйкес банкроттық тәуекелінің ықтималдығын бағалаудың ең тиімді модельдерін іздеу болып табылады.

Құқықтық тұрғыдан, банкроттылық – кәсіпорынның жойылуына негіз болатын төлемқабілетсіздігінің құқықтық танылуы болып саналады. Банкроттылықты жеке тұлғаның және кәсіпорын негізінде қарастырады. Жеке тұлғаның банкроттылығы - бұл ресми, мемлекеттік деңгейде қарызды төлей алмауы. Кәсіпорынның банкроттығы - бұл кәсіпорын өзінің қаржылық міндеттемелерін орындай алмайтынын мойындайтын процесс. Кәсіпорынның банкроттық процесінің басталуы туралы ертерек білу жеке мүдделерді қорғау үшін маңызды болуы мүмкін, әсіресе егер осы компанияның несие берушісі немесе акционері болсаңыз. Компанияның ықтимал банкроттығы туралы ертерек білуге көмектесетін бірнеше әдістер бар [1].

Кәсіпорындардың жаппай банкроттыққа ұшырауы жағымсыз әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін, сондықтан нарықтық экономикасы дамыған елдерде, оларды толық күйреуден қорғау мен алдын алудың белгілі механизмі қалыптасқан. Егерде кәсіпорын мүлкін бағалап, талдауды дер кезінде жасап отыратын болса, банкроттыққа ұшырау қаупі азаяды [2].

Шет елдерде банкроттылық тәуекелін бағалау үшін көпөлшемді дискриминантты талдау арқылы әзірленген факторлық модельдер кеңінен қолданылады. Бұл модельдерді келесі ғалымдар әзірлеген: Э.Альтман, Дж. Фулмер, ж. Конан және М. Голдер, Р. Лис, Р. Тафлер мен Г. Тишоу, Дж.Лего және Г.Спрингейт. Сондай-ақ, ықтимал банкроттықты бағалау үшін В.Бивердің көрсеткіштер жүйесіне назар аударған жөн [3].

Банкроттық - кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмінің балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды. Сондықтан шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің өсу деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін және қаржылық банкроттығы жағдайынан шығу үшін кәсіпорынның жағдайын жақсартуға бағыттылған бағдарлама жасау керек.

Шетел зерттеушілері кәсіпорын дамуына кедергі келтіретін, банкроттыққа әкелетін факторларды екі топқа бөледі: сандық және сапалық. Сандық, тәжірибеде сандық индикатор қолданылады, ол банкроттықты болжауға мүмкіндік беретін – «Z-шот».

$$\begin{aligned} \text{«Z шот»} &= \text{меншікті айналым қаражаттары/активтер} * 1,2 \\ &+ \text{бөлінбеген пайда/активтер} * 1,4 + \text{өндірістік пайда/активтер} * 3,3 \\ &+ \text{акцияның нарықтық құны/активтер} * 0,6 \\ &+ \text{өткізуден түскен табыс/активтер} * 1 \end{aligned}$$

Төменде 1 кестеде Z шот мәніне қарай банкроттықлық ықтималдығының мәндері келтірілген.

Кесте 1

Банкрот болу ықтималдығының мәндері

«Z шот» мәні	Банкроттықтың ықтималдығы
1,80 немесе аз жағдайда	өте жоғары
1,81-2,7	Жоғары
2,8 – 2,9	Мүмкін
3,0 және одан жоғары болса	ықтималдығы аз

Кестеден көріп отырғанымыздай, егер «Z шот» мәні 1,8 және одан жоғары болса, кәсіпорын банкрот болу ықтималдығы жоғары. Егерде «Z шот» мәні 3 тен жоғары болса, кәсіпорынның банкрот болу ықтималдығы төмен.

Банкроттықты болжайтын сапалық факторларға: қаржы есебінің нашарлығы және шығындарды қадағалау қабілетсіздігі; компания басшылығының тәжірибесіздігі; ұзартылған міндеттемелерді өтей алмауы; кәсіпорынды қосымша қаржыландыруға қабілетсіздігі; коммерциялық тәуекелдің жоғары деңгейі; нарықтық өзгерістерге жылдам бейімделуге қабілетсіздігі; жеткіліксіз сападағы бухгалтерлік және қаржы есебі жүйесі; тұтынушылардың талап-тілектерінің өзгеруіне сәйкес өндірісті бейімдеуге қабілетсіздігі жатады.

Банкрот болу ықтималдығын «ҚазМұнайГаз» кәсіпорынының қаржылық есептіліктің мәліметтері негізінде қарастырсақ. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы - Қазақстанның мұнайгаз саласындағы мемлекет мүддесін білдіретін, көмірсутегін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша қазақстандық оператор. 2002 жылы құрылған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ компаниялар тобының құрамына 180-нен астам ұйымдар кіреді. ҚМГ құрылтайшысы Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитеті атынан ҚР Үкіметі болып табылады. 2023 жылғы мәліметтер бойынша айналым қаражаттары 3 488 600 тг, ал активтер сомасы 12 111 864 тг құрайды. Бөлінбеген пайдасы 5 480 777 тг, ал табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда 1 200 441 тг құрады. Акцияның нарықтық құны 10 600 890, өткізуден түскен табыс 2 144 737 тг. Осы берілген мәліметтерді қолдана отырып «Z шот» бойынша банкроттықты болжайтын болсақ:

$$z = \frac{3488600}{12111864} * 1.2 + \frac{5480777}{12111864} * 1.4 + \frac{1200441}{12111864} * 3.3 + \frac{10600890}{12111864} * 0.6 + \frac{2144737}{12111864} * 1$$

Есеп бойынша теңдік 3,15ке тең болды, яғни банкроттық ықтималдығы аз деңгейде.

1977 жылы Э. Альтман факторлы моделін ұсынды, ол модельдің дәлдігі 70% дейін болды және банкроттықты алдағы жылға жоспарлауға мүмкіндік береді. Z индексінің шекті мәні статистикалық сұрыптау мәліметтері бойынша Э. Альтманның есептеуінше 2,675 болды. $z < 2,675$ болғанда банкроттыққа ұшырау қаупі бар, ал егер $z > 2,675$ болғанда қаржылық жағдайы тұрақтылығы жөнінде пікір айтуға мүмкіндік береді. «ҚазМұнайГаз» кәсіпорынын зерттеу барсында Альтман Z шоты моделі бойынша талдайтын болсақ 2,8-ге тең болды, яғни кәсіпорынның банкрот болу ықтималдығы төмен.

Республикадағы экономикалық жағдайдың даму деңгейі кәсіпорынға тікелей әсер етеді, оның қаржы-экономикалық жағдайы мен банкроттық процесіне ықпал етеді. Қазіргі жағдайда көптеген кәсіпорындар үшін кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін аттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан шаралардың маңыздылығы банкроттыққа қарсы басқарудың рөлін арттырады. Мақалада қарастырылған кәсіпорынның банкроттылық ықтималдығын талдау және болжау болашақта болуы мүмкін дағдарысты уақытылы анықтап, оның алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен, біз екі әдісті қолдана отыра есептеп, кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақты екенін байқап отырмыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» Заңы;
2. Дүйсенбаев Ш., Төлегенов Ә.Т., Жумағалиева А.Т., «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау», Алматы 2020 ж.
3. Ковалев А.П. «Финансовый анализ и диагностика банкротства» Учебное пособие, М.-2021